

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 137 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабына 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мен Қазақстан Республикасы энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің кейбір шешімдерінің күші жойылсын.

2. Құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Мұхамеджанов Ж.) бір апталық мерзімде осы бұйрықтың көшірмесін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне және мерзімді басылымдарға жіберсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж әне ж а ң а
технологиялар министрі *Ә. Исекешев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж әне ж а ң а
технологиялар министрінің
2 0 1 2 ж ыл ғы 2 4 с ә у і р д е г і
№ 137 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

1. «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің көтермелеу түрлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің 2003 жылғы 26 маусымдағы № 196 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2390 болып тіркелген).

2. «Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібі қызметкерлерінің ведомстволық наградалары туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2006 жылғы 18 шілдедегі № 198 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4326 болып

тіркелген).

3. «Қазақстан Республикасы атом саласының еңбек сіңірген қызметкері» («Заслуженный работник атомной отрасли Республики Казахстан») түріндегі кеудеге тағатын құрмет белгісімен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің марапаттау нысанын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2007 жылғы 27 сәуірдегі № 110 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4655 болып тіркелген).

4. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі» («Заслуженный энергетик Республики Казахстан») және «Қазақстан Республикасының құрметті энергетигі» («Почетный энергетик Республики Казахстан») түріндегі омырауға тағатын құрмет белгісімен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің марапаттау нысанын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2007 жылғы 13 қарашадағы № 262 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5009 болып тіркелген).